Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

№74 (9857)
17 қыркүйек,
сенбі
2022 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Аймақ жаңалықтары

Әлеуметтік нысандарды аралады

Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қаладағы бірқатар әлеуметтік және өндірістік маңызы бар нысандарға барып, жұмысын саралады. Алдымен аймақ басшысы әуежай терминалының жұмысын көрді. Стенд арқылы негізгі жұмыспен танысты.

Жерлесіміз, меценат Болат Өтемұратов қоры жаңа әуежай құрылысын салуға ниет білдіріп, сағатына 300 жолаушы өткізуге есептелген заманауи әуежай терминалын қызылордалықтарға тарту етеді. Жыл соңына дейін құрылыстың жобалық-сметалық құжаттамасы аяқталады.

Мұнан соң облыс әкімі Қызылорда қаласындағы су торабының қайта жаңғырту жұмысын саралап, мамандармен тілдесті. Қайта жаңғырту жұмыстарына бюджеттен 1 млрд 260 млн теңге бөлінген. Жұмыстар толық орындалған жағдайда Қызылорда су торабынан төменгі ағысқа 1200 м³/с-тен 1900 м³/с-ке ұлғаятын болады.

Әрі қарай Нұрлыбек Нәлібаев бір жыл бұрын сенімгерлік басқаруға берілген М.Ықсанов атындағы колледж ғимаратын аралады. Сенімгерлік басқарушы ЖК «Шакенова» ғимаратты күрделі жөндеуден өткізіп, материалдық-техникалық базасын жаңартты. Қазіргі таңда оқу орнында 192 студент білім алуда.

Мұнан кейін аймақ басшысы «Мағжан и К» және «Абай-Дәулет» компаниясы зауыттарының жұмысымен танысты. Қызылорда облысы республика бойынша күрішке деген сұранысты толық қамтыса, экспортқа шығарылатын өнімнің 92 пайызын Сырдың ақ маржаны құрайды. Облыс әкімі Президенттің, Үкімет басшысының қолдауы негізінде су көлемі биыл былтырғыдан жоғары болғанын тілге тиек етті.

Қаладағы нысандарды аралау барысында облыс әкімі шыны зауытына да барды. Бүгінде мұнда негізгі жұмыстар аяқталған. Қалған жұмыстар бойынша зауыт маңайын абаттандыру, іске қосу актісін және шығаратын өнімге тиісті рұқсат құжаттарын алу жүргізілуде. Бұл мәселелер де Штаб отырысында қатар қаралып, мемлекеттік органдармен бірлесіп шешілуде.

Технологиялық талаптарға сәйкес, пеш 1400 градус температураға дейін бірте-бірте қызатын болады. Өнім шығару үшін қажетті шикізаттық материалдардың барлығы жеткізілді. Өндірісте жергілікті шикізат Аралдың кварц құмы қолданылатын болды. Облыс әкімі жоспарға сәйкес, алғашқы әйнекті қазан айының ортасында шығаруды тапсырды.

«ЖЖ» ақпарат

Кеңес

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кеңейтілген құрамдағы отырысына қатысты. Президент өз сөзінде Шанхай ынтымақтастық ұйымын дамытудың басым бағыттарына тоқталды.Сондай-ақ жиында Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Үндістан Премьер-министрі Нарендра Моди, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, ШЫҰ жанындағы бақылаушы мемлекеттер басшылары мен саммиттің құрметті қонақтары – Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Иран Президенті Ибрахим Раиси, Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсух, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, сондай-ақ ШЫҰ Бас хатшысы Чжан Мин, ШЫҰ Өңірлік терроризмге қарсы құрылымның (ӨТҚҚ) Атқарушы комитетінің директоры Руслан Мирзаев және БҰҰ Бас хатшысының саяси мәселелер жөніндегі орынбасары Розмари Дикарло сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев,
ҚР Президенті:

ШЫҰ ең табысты бірлестікке айналды

Қасым-Жомарт Тоқаев алдымен Ұлы Жібек жолының інжу-маржаны саналатын ежелгі Самарқанд қаласында ШЫҰ Саммитін жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевке алғыс білдірді. Сондай-ақ ол аталған ұйымның құрамы тұрақты түрде кеңейіп жатқанын жеткізіп, халықаралық беделі мен ықпалының өсіп келе жатқанын сонымен байланыстырды.

– Бүгінде әлем санкциялық қысым әдістері, негізгі жаһандық мәселелерді шешуде кереғар тәсілдер алдыңғы қатарға шыққан күрделі халықаралық жағдайдың шиеленіскен қауіпті кезеңіне қадам басты. Өзара сенімнің жетіспеушілігі қазіргі заманның басты ерекшелігіне айналды. Осындай жағдайларда өзара сенімге, тең және ашық диалогқа негізделген бірегей «Шанхай рухын» нығайту аса маңызды. Біздің алдымызда ШЫҰ әлеуетін толық пайдалану міндеті тұр. Ұйым қызметінің тиімділігін арттыру және әртүрлі саладағы көпжақты ынтымақтастықты дамыту барлық қатысушы мемлекеттің мүддесіне сай келеді. Ұйым қызметін одан әрі жетілдіріп, ШЫҰ кеңістігінде және одан тыс жерлерде негізгі үрдістерді болжау ісін күшейту маңызды. ШЫҰ қызметі оның жарғылық құжаттарында көрсетілген негізгі қағидаттардың өзектілігін айқындады. Олар: экстремизм, терроризм, сепаратизм секілді «үш зұлымдыққа» қарсы күрес, мемлекеттердің егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғау, ішкі істерге араласпау. Ұйымның негізгі міндеті аймақтық қауіпсіздікті нығайту болып қала береді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев аталған өзекті салада бірлесе қызмет етуді көздейтін бұрын қабылданған құжаттарды іске асыруды жалғастыру қажет деп есептейді. Оның қорғаныс ведомстволары мен арнайы қызметтер арасында әскери-саяси ынтымақтастықты арттыруды ұсынғаны да сондықтан.

– Осы ретте ШЫҰ-ның Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығымен арадағы қатынастарды нығайту маңызды рөл атқара алады. Ұйымның ақпараттық кеңістігін қорғау инфрақұрылымын құру үшін киберқылмыспен күрес мәселелерінің өзектілігі арта түседі. Біз ШЫҰ-ны жаһандық экономикалық платформаға айналдыруымыз керек. Біздің Ұйым адами, ресурстық және технологиялық әлеуеті бар әлемнің қарқынды дамып келе жатқан экономикасын біріктіреді. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үлесі әлемдік жалпы ішкі өнімнің шамамен төрттен бірін құрайды, яғни 23 триллион доллардан асады. Бізде энергетикалық ресурстардың, көмірдің, сирек металдардың және жаңартылатын энергия көздерінің ең бай қоры бар. Мен жоғарыда айтқандай, біздің ұйымның идеялық және институционалдық негіздерінде кереғарлық пен блоктарға бөлінушілік жоқ. Бұл ШЫҰ-ның халықаралық беделі мен танымалдығының артуына ықпал етті. Соның арқасында Ұйым ең табысты бірлестікке айналды. Сондықтан ШЫҰ үдерісіне қатысатын елдердің географиясы жылдан-жылға кеңейіп келеді. Бұл – Ұйымның жоғары сұранысқа ие екенінің айқын дәлелі, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Расында Президент айтқандай, ШЫҰ қазір әлемдегі ең табысты халықаралық ұйымға айналған. Президент алдағы уақытта да тауарлардың, капиталдың, көрсетілетін қызметтер мен технологиялардың еркін айналымына кезең-кезеңмен көшу үшін ШЫҰ-дағы экономикалық ынтымақтастықты түрлі формада дамытуды қолдайтынын жасырмады. «Ұйым кеңістігіндегі өсімнің қозғаушы күші – ШЫҰ аясында ауқымды экономикалық жобаларды жүзеге асыру» деген Қасым-Жомарт Тоқаев Ұйымның жобалық қызметін тиісті қаржыландыруды қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібінде тұрғанын назарға салды.

– Ол үшін бізде барлық қажетті экономикалық тетіктер, әзірленген стратегиялар, өзара іс-қимылдың егжей-тегжейлі бағдарламалары мен жоспарлары бар. Енді соларды жүзеге асыру ғана қалды. Экономикалық ынтымақтастықтың басым бағыттары саналатын транзиттік-көлік секторы, азық-түлік және энергетикалық қауіпсіздік мәселелеріне арнайы тоқталғым келеді. ШЫҰ елдерінің тиімді экономикалық және көлік дәліздерін дамыту жөніндегі Ынтымақтастық тұжырымдамасының қабылдануы өзара логистикалық байланысты жақсартудағы маңызды жетістік болды. Әңгіме «Қытай – Еуропа» бағыты және Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша теміржол тасымалы, сондай-ақ Қазақстан мен Қытай шекарасында үшінші теміржол өткелінің құрылысын салу жоспары туралы болып отыр. Осыған орай мен ШЫҰ-дағы серіктестерді жаңа мүмкіндіктерді пайдалануға шақырамын. Шығыс Азиядан Парсы шығанағы елдеріне шығатын ең қысқа «Қазақстан-Түрікменстан-Иран» темір жолының әлеуеті зор. Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы транзиттік-көлік ынтымақтастығы қарқынды дамып келеді. Өңіріміздегі елдердің өзара байланысын қамтамасыз етуге бағытталған перспективті жобалардың жүзеге асырылуын құптаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Келелі кеңесте Президент азық-түлік және энергетикалық қауіпсіздік мәселелеріне арнайы тоқталды. «ШЫҰ мүше мемлекеттер – әлемдегі ең ірі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші әрі экспорттаушы елдер» деген ол ШЫҰ аймағында да, одан тыс жерлерде де ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасын кеңейтуді ынталандыру қажеттігін қаперге салды. Сондай-ақ ол су ресурстарын игеру мен ұтымды пайдалануға көбірек көңіл бөлу қажеттігін тілге тиек етті.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Отан отбасынан басталады

Мемлекеттің бүгінгі басты міндеттерінің бірі – отбасы саясатын дұрыс бағытта жүргізу және бұл еліміздің болашағы үшін аса маңызды. Бұл орайда Мемлекет басшысы да ең алдымен демографиялық ахуалды түзеп, ана мен баланың денсаулығын қорғау ерекше мәнге ие екенін айтып келеді және бұл бағыттағы жұмыстар бүгінде түрлі бағдарламалар арқылы жүзеге асуда.

Әр отбасы – шағын мемлекет. Басқарушысы, асыраушысы, қорғаушысы бар. Отбасы ұғымы біздің халқымыз үшін аса қадірлі, қастерлі, қасиетті. Ал отбасындағы өзара татулықтың, береке мен бірліктің бәсі одан да қымбат. Отбасы бүтін болса, ел іргесі бүтін болады, ал бір отбасының шаңырағы шайқалса, мемлекеттің тұғыртасынан бір кірпіш кертіледі. Сондықтан бұрынғылар әр тілек-дұғасында ең алдымен Алладан отбасының амандығын сұрап отырыпты. Одан бөлек бабаларымыз «Үй ішінен үй тіксе, жылы болады» деп, балаларын ерте үйлендіріп, керегесін кеңейтіп, ұрпағын, ұлттың санын көбейтуді мұрат тұтыпты және сол жаңа отау өз алдына жеке шаңыраққа айналғанша ағайын-туыс, тіпті бүкіл ауыл болып жас отбасының жауапкершілігін аманат етіп алыпты. Өйткені сол отбасынан қазақ халқының санын көбейтіп, ұлттың сапасын арттыратын ондаған перзент өсіп шығады. Сол үшін әлгі жас жанұядағы бала тәрбиесі ата-ананың ғана емес, сол әулеттің, ауылелдің мойнына артылыпты.

Жоғарыда айтқанымыздай, отбасы ұғымы халқымыз үшін әлі күнге дейін маңызды. Күн озған сайын құны артпаса, төмендемек емес. Себебі тәуелсіз еліміздің, Жаңа Қазақстанның беделі, дамуы, келешегі еліміздегі әрбір отбасының бірлігіне, тыныштығына тікелей байланысты. Осы орайда арнайы белгіленген «Отбасы күні» бар. Бұл атаулы күннің қазақстандықтар үшін маңызы зор.

Бейсенбіде орталық алаңда Отбасы күніне орай тағылымы мол ерекше шара өтті. Шараны аудан әкімі Асқарбек Есжанов ашып, аудан тұрғындарын мерекемен құттықтады.

– Отбасы туралы сөз болғанда, кез келген адамның жүрегі елжіреп тұруы тиіс. Өйткені әр адам үшін өз отбасынан артық жайлы жер, мейірімді мекен табылмайды. Әсіресе балалар үшін ата-анасынан артық ешкім жоқ. Олардың асыраушысы да, қорғаушысы да, ойнап жүріп сүрініп кетсе, жылы сөзбен жұбатушысы да, еркелетушісі, күтушісі де ата-анасы. Сондықтан олар жанына қажетті жылудың бәрін отбасынан іздейді.

4 →

Аңдатпа

99 жоба қолдау тапты

2 →

Бағдарлама игілігі

99 жоба қолдау тапты

Тамыз айының аяғында өткен комиссия отырысында бас-аяғы 79 жоба қаралып, оның 62-сі қайтарымсыз қаржылай қолдау тапқан болатын. Екі күнге жалғасқан жиынның нәтижесінде 70-ке жуық жалағаштыққа 75 млн теңгеден астам қайтарымсыз қаржы үлестірілген еді. Қазір жеңімпаз деп танылған жоба авторларының алды кәсіп ашудың қамымен жүр. Олардың басым бөлігі мал шаруашылығында табыс табуды көздесе, кейбірі кондитерлік өнім өндіру, тігін цехын ашу сынды басқа да кәсіпкерліктің бірқатар салаларында бақ сынауға бел буып отыр.

Осы аптада дәл осындай жиын жалғасын тапты. Комиссия отырысында бас-аяғы 176 жоба қорғалып, оның 99-ы қаржылай қолдауға лайық деп танылды.

Екі күнге жалғасқан жиында қайтарымсыз қаржыға қол жеткізгендер қатарында кент тұрғыны Айжан Ермекбай да бар. Бірінші топтағы мүмкіндігі шектеулі азаматша орталықтан сұлулық салонын ашып, салада бақ сынауға бел буыпты. Осылайша ол алдағы уақытта нәзіқжандыларға өз кәсібімен қызмет көрсетуді жоспарлап отыр. Бұл жерде комиссия мүшелері бірінші топтағы мүмкіндігі шектеулі жан бола тұра іс бастауға талпынған Айжанның талабына риза болды. Расында қазір масылдық көзқарастан арылып, кейіпкеріміз секілді іс бастауға, жұмыс жасауға қам қылатын уақыт.

Айжан Жаңабайқызы жұмысының жүруіне анасының қолғабыс қылатынын айтады. Осыған дейін өз үйінде кәсібін жүргізген ол жұмысының жандануына қажетті құрал-жабдықтардың жоқтығы қолбайлау болғанын жасырмайды. Тиісті қаражаттың көмегіне жүгінуіне де басты себеп осы болыпты.

– Әркімнің тағдыры әрқалай болса, ойлау қабілеті де дәл солай. Мәселең, мен осындай жағдайда бола тұра кәсіп ашып, жұмыс жасағым келсе, сап-сау, денсаулығында ешқандай кінәрат болмаса да жалқаулыққа салынатындар да кездесіп жатады. Мені жағдайыма қарамай демеген комиссия мүшелеріне алғыс білдіремін. Бұл біздерге үлкен шабыт береді. Бұған дейін де өз үйімде кәсіптің бұл түрімен айналысқанмын. Бұл бір жағынан өз уақытымның тиімді өтуіне үлкен көмек болды. Ал қаржылай қолдау мен үшін үлкен шабыт болғанын жасырмаймын. Алдағы уақытта сұлулық салонға қажетті құрал-жабдықтар алып, кәсібімді өрлетемін, – дейді жоба авторы.

Осыған дейін әлеуметтің әлеуетіне жауапты бөлім басшысынан сұхбат алғанымызда Қанат Шамшатұлының «Қаражат мақсатпен жұмсалуы тиіс. Ол үшін әрбір жоба авторы салаға нақты мақсатпен келуі керек» дегені бар еді. Қанекең бұл сөзді жай айтпапты. Апта ортасындағы екі күнге жалғасқан комиссияға өзіміз де мүше болдық. Әрбір автордың жоспарымен таныстық, мақсаты хақында оның ойына қанықтық. Бірі расымен іс бастауға талап қылса, енді бірі өз жобасында жоқ кәсіпті айтып, ми шағады. «Осындай жерде қайтарымсыз қаражат беріп жатыр» дегенді естіп, «елден қалмайық» деген желеумен жай келе салғаны көрініп-ақ тұр. Мәселең, есіктен енгендердің бірі мал бордақылап, ет өнімін сату арқылы табыс табамын десе, әлгінің жобасы сүт өнімдерін өндіремін дейді. Көріп тұрғандай, жобаны біреудің жасап бергеніне кешіріммен қарағанның өзінде авторсымақтың оны ашып қарамағанын қайда қоясыз.

Әдеттегідей бұл жолы да мал шаруашылығына бағытталған жобалар басым болды. Бірақ олардың ішінде өзге де кәсіп түрлерінің көптеп қамтылуы бізді қуантты.

Қазір кентті былай қойғанда, ауылдар арасында жоба қорғаумен шалғайдағы Жаңадария, кент іргесіндегі Ақсу, өзеннің арғы бетіндегі Бұқарбай батыр, күн сайын жарқын жобалар жүзеге асып жатқан Таң, әлеуметінің әлеуеті артқан Еңбек ауылдары көш басында. Ал Мырзабай, Аққыр, Қаракеткен сынды елді мекендерден ентелеп жатқандар көптеп көзге түспеді. Әсіресе шалғайдағы Аққыр ауылынан жоба дайындап келгендер саусақпен санауға да келмейді. Соған қарағанда елді мекеннің еңсесі биік, ондағы әлеуметтің әлеуеті төмен болмаса керек.

Екі күнде қолдау тапқан жүзге жуық жобаның ішінде мәдениеттік Досжан Ермекұлының мүйізді ірі қара өсіру жобасы да бар. 29 жасқа толмаған кейіпкеріміз туған жерінде шаруасын ширатып, салада серпін қалыптастыруға өзі де үлес қосқысы келетінін айтады.

Ол ауылда алдымен мал басын көбейтіп алуды көздейді. Бұл бағытта өз мақсаты да жоқ емес. Алдымен тиісті қаражатқа 4-5 бас сиыр алып, оны бордақылап, етін сатып, түскен пайдаға тағы да мал алуды көздейді. Бір жағынан сүт өнімдерін өндіруге де талабы жоқ емес. Оның кәсіптің бұл түріне шын ынтамен келгені көрініп-ақ тұр.

– Бұрын қорада мал болды. Қазір 2-3 ірі қара ғана қалды. Алдағы уақытта солардың басын көбейтіп, шаруашылық құрсам деймін. Қоражай бар. Биыл шөпті де молынан түсіргенмін. Егер жобам қолдау тауып жатса, шөптің артық болғаны дұрыс деп шештім. Ал оны қорғауда сәтсіздіктер болып жатса, қалғанын қыс айларында сатамын деп шештім. Абырой болғанда комиссия мүшелері менің жобамды бірауыздан қолдады. Енді қаражат қолға тиісімен сиыр сатып аламын. Оны да ауылдағы жергілікті шаруашылықтардан тиімді бағаға келісіп отырмын. Бұйыртса, енді өзім де кәсіпкер атанамын. Бастысы мемлекет қолдады, ал әрі қарай қалай болады, оған өзім жауаптымын, – дейді Мәдениет ауылының тұрғыны.

Ұмытпасам, осыған дейін пластик есік-терезелер шығаруға арналған бұл – бірінші жоба. Авторы – кент тұрғыны Рашид Асанов. Жоба авторы осыған дейін ұзақ жылдар дәл осындай өнім шығаратын бірнеше цехта жұмыс жасап, тәжірибе шыңдаған. Енді Рекең өз алдына кәсіп ашып, одан түскен пайданы ешкіммен бөліскісі жоқ.

Жоба тыңғылықты дайындалған. «Болашақ цехты көз алдымызға әкелді» десек, артық айтқандық болмас. Оның үстіне автор бірнеше цехта ұзақ жылдар жұмыс жасаған. Бастысы қолынан келеді, комиссия мүшелерінің де бірауыздан қолдағаны сондықтан.

Рашид Бейсенбекұлы тиісті қаражатқа цехқа қажетті арнайы аппараттар, құрал-жабдықтар алуды көздеп отыр. Ал өнімге қажетті шикізат қорына өзінің жинаған азмаз ақшасы бар екен. Бұйыртса, келер аптаның соңында ол қажетті аппараттарға қол жеткізетінін айтады.

– Қазір кәсіптің бұл түрі көп те емес, аз да емес. Бірақ өніміне сұраныс жоғары. Одан өзім ұзақ жыл осындай цехтарда жұмыс жасағандықтан хабардармын. Бір минут бос уақытымыз болмайды. Себебі сұраныс көп. Енді жалақыға жұмыс жасағаннан өзім кәсіп ашып, одан түскен табысты ешкіммен бөліскім келмейді. Тек мені қолдаған мемлекетке тиесілі салығымды төлеп тұрамын. Егер жобам қолдау таппаса, несие алуды көздегенмін. Алайда өзім жұмыссыз бола тұра оның өтеуін қалай өтеймін деген сауал қатар қылаң берді. Бүгін жобам қолдау тапты, қуаныштымын әрине. Мемлекет менің кәсіп ашуыма дем беріп отыр. Тіпті болашақта оның көкжиегін кеңейту ойда болса, пайыздық үстемақысы субсидияланған несиемен қолдауға да әзір екен. Алғыстан басқа айтарым жоқ. Болашақта ісім алға басса, өзім секілді екі қолға бір күрек таппай жүрген басқа да азаматтарды жұмыспен қамтимын, – дейді болашақ цех директоры.

Кент тұрғыны Жауқазын Ғаниқызының өз үйінен іс тігіп, көрпе, көрпеше, жастық, құрақ көрпеше, қыз жасауы сынды бірнеше өнім өндіріп, оны тұтынушыларына қолжетімді бағада ұсынып отқанына да біраз уақыт болған. Ол мұның бәрін бұрынғы қарапайым қол машинамен тігеді екен. Соңғы уақытта нан тауып отырған бұл құралы да жиі сыр беруді шығарған. Оның үстіне үлкен сұраныста қамтамасыз етуге жалғыз қол машина қауқарсыз көрінеді. Сондықтан Жауқазын Шәймерден үй ауласындағы екі бөлмелі шағын ғимаратты цехқа айналдырмақ. Ал жобасы қаржылай қолдау тапса, жаңа нысанды заманауи құрал-жабдықпен жарақтамақ.

– Үйде бос отырмай бірнеше өнім шығардым. Кейін әлеуметтік желіде парақша ашып, оны дамытып, сонда өз өнімдерімді сатылымға шығардым. Бастапқыда бір-екі сұраныс түсті. Кейін мен шығарған өнім халықтың көңілінен шыққан болуы керек, әлеуметтік желідегі оқырмандар саны артып, сұраныс та еселенді. Алайда оның бәрін мен бір ғана қол машинамен қамтамасыз ете алмаймын. Оның үстіне ол да кейінгі уақытта сыр беруін жиі қайталайтын болды. Маған енді қажетті заманауи тігін машиналары керек. Осындай қаржылай қолдау болып жатыр дегенді естіп, бақ сынауға бел будым. Комиссия төрағасының кәсіптің бұл түрінен толық хабары бар екен. Жобамның жай жасалмағанын біліп, қадамыма сәттілік тіледі. Енді мен заңды түрде кәсібімді өрлетемін. Себебі оған мемлекет бар жағдайды жасап отыр, – дейді кент тұрғыны.

Айта кетейік, қайтарымсыз қаржы үлестіруге бағытталған комиссия отырысы осыған дейін 3 мәрте өткен еді. Онда жергілікті жұмыссыз азаматтарға 80 млн теңгеге жуық қайтарымсыз қаржы үлестірілсе, аптаның сәрсенбі және бейсенбі күндері өткен комиссия отырысында 99 азаматқа 120 млн теңгеден астам қаржы берілді. Бұл қаржылай қолдаудың ауданда жұмыссыздық мәселесін тұсауға айтарлықтай қолғабыс болары сөзсіз.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Семинар

Елімізде сот-құқықтық реформа қарқынды жүруде. Бұл Мемлекет басшысының тиімді сот жүйесін құру, саладағы кадр саясатын жетілдіру бағытындағы жыл сайынғы Жолдауында берілген тапсырмалар негізінде жүзеге асырылып келеді. Осы бағыттағы іс-шараларды тиімді орындау әр судья мен заңгер маманның кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты. Әрине қара қылды қақ жарған кешегі билердің бүгінгі ізбасарлары араздасқан ағайынды татуластыруға, ел бірлігін нығайтуға өзіндік үлес қосып та келеді.

Сот жүйесіндегі жаңашылдық – тиімділік тетігі

Осы орайда аудандық сот ғимаратында татуластыру рәсімдеріне талдау нәтижелерін талқылау және жұмыста анықталған кемшіліктерді алдағы уақытта болдырмау жөнінде семинар өтті. Семинарға Жалағаш аудандық сотының төрағасы Асылхан Мизанбаев, кәсіпқой емес медиатор Ж.Ибраев, жеке нотариус О.Камалов, аудандық полиция бөлімінің қызметкері Е.Құрманбаев, судья С.Амантаев және сот саласының қызметкерлері қатысты.

Семинарда Жалағаш аудандық сотының төрағасы А.Мизанбаев қысқаша баяндама жасап, 2022 жылы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейін реттеу институттарын дамыту бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған жаңа "сотқа дейінгі хаттама" институты енгізіліп, аталған жаңашылдықтың сот саласына қазіргі таңда қажет екенін жеткізді.

– Сотқа дейінгі хаттаманың негізгі артықшылықтары уақыт пен күшті үнемдеу, материалдық шығындардың болмауы және мемлекеттік бажды қайтару, түпкілікті нәтиже – бітімгершілік келісім жасасу және туындаған даудың тараптары арасындағы одан әрі ынтымақтастықты сақтау болып табылады. Новелланы іске асыру және соттардың мәселелері мен ұсыныстарын ескере отырып, жұмыстағы олқылықтарды жою мақсатында пилоттық жоба шеңберінде жинақталған тәжірибе де әзірленді.

Айта кетейін, судьяның татуластыру рәсімін жүргізу және сотқа дейінгі хаттама жөніндегі процестік әрекеттерінің алгоритмі, сотқа дейінгі хаттаманы қолданудың артықшылықтары көрсетілген шақырু-хабарлама, бұл автоматтандырылған режимде жасалады, сотқа дейінгі хаттаманың үлгісі және жергілікті соттардың сотқа дейінгі хаттаманы қолдану санын есепке алуына арналған кесте. Алдағы уақытта бұл институтты одан әрі дамыту қажет деп санаймыз, өйткені ол тараптарды тәртіпке келтіруге және сотқа талап арыз бергенге дейін дәлелдемелер жинауға жауапкершілікпен қарауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар сотқа шағым қабылдау сатысында тараптарға екінші тарап ұсынған дәлелдердің мазмұнын білуді және татуласу мүмкіндігін қарастыруды жеңілдетеді. Татуластыру рәсімдері шарттық міндеттемелерді орындауға, бұзуға және тоқтатуға байланысты, отбасы-неке қатынастары саласында, залал мен зиянды өтеу туралы, еңбек даулары, жер даулары, тұрғын үй даулары санатындағы істерге жүргізіледі, – дейді Асылхан Мизанбаев.

Әрине жаңашылдыққа бет бұрған уақытта сот саласын тиімді жетілдіру мақсатында жасалып жатқан жұмыстардың, сондай-ақ сот судьяларының мыңдаған адамның тағдыры мен дауын шешіп, олардың құқығы мен бостандығын қорғау жолындағы еңбектің нәтижесінде, халықтың сотқа деген сенімі нығайды.

Талқылау барысында семинарға қатысушылар өзара пікір алмасып, туындаған сұрақтар бойынша түсіндірме беріліп, ұсыныстар да айтылды.

Жандос ЖАЗКЕН

Автокөлікте өрт қауіпсіздігі сақталсын

Жалағаш аудандық төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлері автокөліктегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бағытында профилактикалық іс-шараларын кеңінен атқарып келеді. Алайда атқарылған жұмыстарға қарамастан, көбінесе автокөлік иелерінің өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамай салғырттық танытып, арты қайғыға ұшырататыны баршамызға мәлім.

Өрттің шығу себептеріне келетін болсақ, автокөлік иелерінің өз мүліктеріне немқұрайлықпен қарап, қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамау салдарынан болып отыр. Сондықтан автокөлік жүргізушілерінен автокөліктерде өрттің және төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында төмендегі шараларды орындауды сұраймыз.

Бірінші кезекте электр тоқ жүйелері және қондырғылар зауыттан шығарылған болуы тиіс. Ал қозғалтқыш бөлігі жанармайдан таза болуын қадағалап, майдың төгілуіне жол бермеу керек.

Автокөліктердің қосалқы есіктері еркін ашылуы тиіс. Сондай-ақ онда қозғалтқышты ашық отпен қыздыруға, қолдан жасалған электр қондырғыларын пайдалануға, жанармай құю станциясында жолаушыларды түсірмей жанармай құюға, автокөлік ішінде темекі шегуге, жанармайдың бос ыдыстарын сақтауға немесе жинауға, аккумуляторды автокөлік ішінде қуаттауға тыйым салынады.

Жанармай сақтау ыдысының аузын ашық қалдыру да қауіпті екенін қаперден шығармаған абзал. Ал қозғалтқышты бензин, дизель майымен жуу, газ баллондарын тасымалдау, ашық тұрған, оқшауланбаған электр сымдарын пайдалану да аса қауіпті.

Автокөліктер мінтетті түрде отбасқыштармен қамтамасыз етілуі тиіс. Көлік жүргізушілері адам өміріне қауіп төндірмеу үшін өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтағаны дұрыс. Өрт тілсіз жау екенін ұмытпаңыз. Өрт болған жағдайда 101, 112 телефон нөмірлеріне хабарласыңыз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Балалар жылы 2022

ТҰМА
балалар шығармашылығына арналған бет

ҚҰРАҚТАЙ БАЛҒЫН, БҰЛАҚТАЙ МӨЛДІР

Біздің басылым бұдан бұрын Балалар жылына орай балалар шығармашылығын қолдау мақсатында «Тұма» айдарын ашып, онда жергілікті жас ақындардың бір топ өлеңдерін жариялап, қауырсын қалам иелерінің балауса жырларын оқырмандарға паш еткен едік. 1 маусым – балалар күніне орай «Тұма» айдарының кезекті нөмірінде балалар шығармашылығына қалам тербеп жүрген ақын, жерлесіміз, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Қуат Ахетовтің кішкентай балақайларға арналып жазылған бір топ өлеңдеріне де кезек бердік. Енді ақын, балалар әдебиетінің өкілі Адырбек Сопыбековтың балаларға арнап жазылған бірқатар өлеңдерін жариялап отырмыз. Бұл тартуымыздың жас жеткіншектерге керемет көңіл-күй сыйлауына тілектеспіз!

Менің атам

Атам ұста білемін,
Сом денелі, бөрікті.
Сыбанып ап білегін,
Басып жатыр көрікті.

Үлкен төс тұр қасында,
Балға қолдан түспейді.
Менің атам осында,
Көп нәрсені істейді.

Кетпен айыр тырманы,
Тракторға соқаны,
Әп-әдемі арбаны,
Атам қолдан соғады.

Кішкентайлау болғанмен,
Атама келеді ұқсағым.
Үйреніп ап одан мен,
Қоларбаны жасадым.



Қос үйрек

Жарқырап тұр күміс күн,
Тату-тәтті қос үйрек,
Серуендеп жүр көл үстін,
Су бетіне сап ирек.

Екеуі де маужырап,
Тыңдағандай ән-күйді.
Көлеңке жоқ, тау жарық,
Көл бетінде қалқиды…

Мылтық даусы естілді,
Толқып кетті көл де енді.
Қос үйрек те кеш білді,
Бұғып келген мергенді.

Бір үйрек кеп тосыннан,
Құлап түсті қан аққан!
Ажыратты досынан,
Жалғыз оқ кеп дәл атқан.

Жүр еді ғой салқындап,
Ол несі екен айтканы?
Тірі үйрек қаңқылдап,
Бір сәтте дамыл таппады.

Үстін суға малшыды,
Жарып өтті қияқты.
Досын атқан аңшыны,
Іздеп кеткен сияқты.

Торғай

Көрсетпейді күн көзін,
Қарлы боран ұлыған.
Үйде отырмын бір өзім,
Үйдің іші жылыған.

Қонды келіп бір торғай,
Терезенің алдына.
Дір-дір етті, ойпырмай,
Сыртта тоңып қалды ма?

Барып қонды бұтаға,
Сілкіп-сілкіп тұр үстін.
Сездірмедім атама,
Ұстауға енді кірістім.

Шылапшынның бұрышын,
Бір таяққа тіредім,
Ұзын жіптің бір ұшын,
Үйден ұстап тұр едім.

Қар борап тұр ұйытқып,
Торғай енді састы ма?
Шылапшынды ық тұтып,
Паналады астына.

Ұшып кетпей тұр торғай,
Болар ешкім жоқ деген.
Енді қарап құр тұрмай,
Тартып қалдым жіпті мен.

Ұстап алу қызық-ақ,
Торғайды үйге ап кірдім.
Наннан аздап үзіп ап,
Оған қоса қақ бердім.

Шығармауға бола ма,
Үркісе үйді бөтен деп,
Алып шықтым далаға,
Енді қайтер екен деп.

Бір сілкінді ол енді,
Қанаттары дір етіп.
Бұлқынды да жөнелді,
Ұшып кетті пыр етіп.

Үйден біреу қуып па,
Қайда кетіп барады-ау?
Әттең мынау суықта,
Қайта тоңып қалады-ау!

КҮНШУАҚ

Қыс өтіп,
Көктем кеп еді.
Бұлт та жоқ,
Аспан ашық-тын
Күн нұрын көктен төгеді,
Далаға менде асықтым.

Апама анау қара әні,
Киізді жайып тастаған.
Жадырап әжем қабағы,
Ұршық иіре бастаған.

Жан кіріп қапты бұтаққа,
Түрленіп дала күн санап.
Қарайды ағам кітапқа,
Жеңешем отыр жүн сабап.

Бақташы атам өріске,
Көз салып ұзақ қарайды.
Сүйсініп,
Бірге ілескен,
Бұзауын сиыр жалайды.

Жайлауым қандай көк еді,
Көл-дағы жатыр тыншып-ақ.
Күн нұрын көктен төгеді,
Ғажап қой қара күншуақ!

Теміржолшы

Стансада тұратын,
Теміржолшы бар ағам.
Тапқан асыл мұратын,
Өз ісінен ұнаған.

Құрмет тапқан ол бұдан,
Көптен жұмыс істейді.
Май шүберек қолынан,
Кешке дейін түспейді.

Қоқыс басып кететін,
Рельсті майлайды.
Пойыздары өтетін,
Кідірмеуін ойлайды.

Баяғыдай жүгін де,
Тасылмайды түйемен.
Ел байлығы бүгінде,
Пойыздарға тиелген.

Келбетінде жоқ ызғар,
Қашан көрсең арайлы.
Өтіп жатыр пойыздар,
Ағам мәз боп қарайды.



Ғажап аспан

Шалқаңнан жатып қарасаң,
Аспан деген орасан!
Жұлдыздарға қызығам,
Ұшамыз қашан біз бұған?!

Сатымен шықсаң осында,
Айналып кетер басың да.
Ойлама мұны атымен,
Шыға алмайсың сатымен.

Аспанға деген дәмесі,
Адамдар мінген кемесі,
Ұшып та жатыр тым биік,
Ашылып жатыр тұңғиық.

Ғажайып аспан, көк аспан,
Ойларым көп таласқан.
Айға дейін жеткізші,
Қадамым болар бір басқан.

Ай туып келеді

Өркеш-өркеш көк таулар…
Жаздың кешкі кезі еді.
Іргесінде көп баулар,
Етегінде өзені.

Қарап тұрмай бар сен де,
Балалар жүр жүгіріп.
Таудан аққан өзенге,
Жылқы түсті шұбырып.

Көлеңкесі ұзарып,
Шалқаяды шың-құздар.
Күн де батты қызарып,
Шыға келді жұлдыздар.

Жайлау қандай кең еді,
Өзен жатыр тасыған.
Ай да туып келеді,
Асқар таудың басынан.

Қырманда

Жеңіл ғана киінген,
Мен қосылдым бүйірден.
Қырман басы көңілді,
Тау-тау астық үйілген.

Қос білекті түремін,
Қолдан түспей күрегім.
Ақ күрішті тиесіп,
Кешке дейін жүремін.
Түн болды.
Бұл жақтағы,
Жұмыс қызып жатты әлі.
“Қолғанат!” деп біздерді,
Қырманшылар мақтады.

Балалар жылы 2022

Отан отбасынан басталады

← 1

Ал ата-ана сондай кезде баласын тек материалдық тұрғыдан ғана қамтамасыз етумен шектелмей, оларға мейірімін қоса төгуі керек. Содан соң барып бала бойына тәлім-тәрбиенің дәнін көктетіп, саналы азамат, сапалы адам етіп тәрбиелеуге кіріссе болады. Сонда ғана біздің өсіріп, тәрбиелеп жатқан жас ұрпағымыздың әрбірі өз отбасымен мақтанатын жағдайға жетеміз. Отбасында әкесі мен анасының мейіріміне қанып, бауырларымен тату өскен баладан келешек отбасы құндылығын қастер тұтып, қадірлейтін, өз жанұясының бірлігін сақтай алатын азамат қалыптасады. Еліміздегі әрбір отбасына қарап ұлтымыздың сапасын анықтауға болады. «Отан отбасынан басталады» деген тәмсіл текке айтылмаса керек. Тәрбиенің негізгі бастауы ананың сүті мен әкенің қанында жатыр. Тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан отбасылар айналасына үлгі. Бұл орайда бірнеше жылдан бері республикалық деңгейде «Өнегелі отбасы» байқауы өткізіліп келеді. Бұл жоба бүгінде отбасы құндылықтарын насихаттаудың тиімді тетігіне айналып үлгерді.

Баршаңызды бүгінгі «Отбасы күні» мерекесімен құттықтаймын. Бүгін барлығымыз үшін ерекше әрі маңызды күн. Отбасы ұғымы Отан ұғымынан бір мысқал кем емес. Екеуі де қадірлі, екеуі де қастерлі, екеуі де құнды. Отанды сүю, Отанға адал қызмет ету отбасында берілген мейірім мен тәрбиеге байланысты. Осында тұрған баршамыздың отбасымыздан Отанын сүйетін, еліне қызмет қылатын, қазақ болып туғанын мақтан тұтатын адал да саналы перзенттер өсіп келеді деп сенемін. Отбастарыңызға амандық, елімізге тыныштық тілеймін, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Сондай-ақ шара барысында аудан басшысы жаңа отау құрып, өмірлерінің отбасылық кезеңін бастаған ауданымыздағы бірнеше жұп жас жұбайларға салтанатты түрде неке куәлігін тапсырып, олардың қол ұстасып қадам басқан өмір жолдарына сәттілік тіледі.

– Біз үшін бақыт та, байлық та – отбасымыз. Шаттық та, қуаныш та, салтанат та сол жаңа құрған шаңырағымыздың ішінде деп білеміз. Ендігі біздің міндетіміз – сол жанұя шаттығын, тыныштығын сақтап, тату өмір сүру, ал арманымыз – көпбалалы әке, көпбалалы ана атанып, еліміздің демографиясына үлес қосу және ұрпағымызға жақсы тәлім-тәрбие беріп, оларды толық адам етіп қалыптастыру. Біздің ата-аналарымыздың да арман-тілегі сол. Ендеше біз ол кісілердің үмітін ақтауға тиіспіз, – дейді жас жұбайлар Жәнібек пен Гүлдана.

Шара соңында тұрғындар аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының арнайы мерекеге дайындаған сахналық қойылымдары мен концертін тамашалады.

Қуат АХЕТОВ

Спорт

Бар жақсылық – балаларға, қуанса, бала қуансын, балаларға базарлық. Дәл осындай айдармен биыл ауданда өткен шаралар легі жетерлік. Әсіресе Балалар жылы аясында олардың бойындағы қабілетін, дарының, шығармашылығын, шыңдау, дамыту мақсатында игі шаралардың көптеп ұйымдастырылуы бізді қуантып отыр. Күні кеше дәл осындай тағы бір шараның куәсі болдық. Дәуімбай елді мекенінде орналасқан жабық бассейн ұжымы 2009-2011 жылдары дүниеге келген жасөспірімдер арасында еркін жүзуден аудандық мектепішілік біріншілік өткізді.

Жабық бассейндегі жарыс

Бас-аяғы 30-дан астам оқушы қатысқан жарыс сөз жоқ, тартысты өтті. Мектеп оқушылары арасындағы біріншілік емес, тура үлкендер арасындағы турнир іспетті. Додаға түскен балалардың барлығы бірінен бірі озады. Міне, бұл жуырда ғана пайдалануға берілген жабық бассейннің жемісі екеніне дау жоқ. Қай уақытта барсаң да бұл нысанда көбіне көзіңе оқушылар түседі. Балалардың бойындағы су спортына деген қызығушылықтың артуы, ел ағалары тарапынан оларға барлық жағдайдың жасалуы оң нәтижеге жасалған алғашқы қадам екені даусыз.

Не керек, бірді айтып, екіге кетпейік. Біздікі жасөспірімдер арасындағы додадан алған әсерімізбен бөлісу. Сөз жоқ, расында халықтың ығылығына берілген бұл нысанның жалағаштықтар әлі талай нәтижесін көрері анық.

Дүбірлі доданың ашылу салтанатында сөз алған аудандық білім бөлімінің әдіскері Мұрат Алдабергенов, жабық бассейн директоры Мұхтар Құлболдиев, аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Нұрлан Бектібаев, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысының міндетін атқарушы Марал Айтпановалар сайыстың маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Бүгінгі доданың, жалпы осыған дейін бізде өткен шаралардың маңыздылығы жоғары деп ойлаймын. Себебі біздің аймақта су спортының кенжелеп қалғанын қарапайым халықты былай қойғанда, салада жүрген мамандар да жоққа шығара алмайды. Міне, біздің өңірде дәл осындай үлкен нысанның халық ығылығына берілуі, онда түрлі додалардың ұйымдастырылуы бізді қуантып отыр. Неге? Себебі дәл осындай шараларда шыңдалған балалардың болашақта үлкен додаларда топ жармасына кім кепіл?. Міне, мен осы тұрғыда аудандағы жабық бассейнді болашақ чемпиондар ұстарасы деп есептеймін. Бүгінгі доданың да өзіндік маңызы бар. Барлық қатысушыларға сәттілік тілеймін. Тек мықтылар алға озсын. Ауданда су спорты дамып, соның осы жабық басейн негізі болсын, – деді Мұхтар Құлболдиев.

Мәкеңнің балаларға деген ақылмен астасқан тілегіне біздің де алып-қосарымыз жоқ. Расында бұл нысанның болашақ чемпиондар ұстарасы болуына толық мүмкіндігі де жоқ емес. Тәжірибелі мамандар жетерлік, жабық бассейн барлық талапқа сай, тіпті екінші қабатынан тағы бір жаттығу залы ашылып, ғимараттың қызмет ауқымы да кеңейіп жатыр. Мұхтар Құлболдиевтің бұл сөзінен «Балаларда тек ынта болуы керек, ал бойдағы су спортына деген қабілетті шыңдау үшін қыр асудың қажеті жоқ» дегенді ұқтық. Расында солай ғой.

Бас төреші Ербол Ерғалиев сайыс ережесін түсіндіргеннен кейін дода да басталып кетті. Алдымен 2009 жылы дүниеге келген оқушылар біріншілікте бақ сынады.

Жалпы жүзу – су спорты түрлерінің бірі. Спорттық жүзу жарыстарының еркін, брасс, баттерфляй, шалқалап жүзу секілді басқа да бірнеше түрі бар. Негізінен доданың бұл түрі 50 метрден 150 метр қашықтық аралығында өтеді. Ал бүгінгі біріншілікте балалар 25 метр қашықтықты еркін жүзумен суда бағындырды.

Жарыс қорытындысымен және бас төрешінің шешімімен қарсыластарынан оқ бойы оза жүзген Диас Бегеніш жеңімпаз деп танылды. Жаттықтырушысы Сабыржан Тажмахан жалпы шәкіртінің су спортына деген қызығушылығы жоғары екенін айтады. Сондай-ақ ол бапкер ретінде оның су спортындағы болашағынан үлкен үміт күтетінін де жасырмайды. Додаға қосқан қатысушының сенім үдесінен шығуында тәжірибелі бапкерден алған тәлімнің де өзіндік орны барын жоққа шығара алмаймыз. Бұған Дәуімбай елді мекеніндегі №202 орта мектептің мұғалімі Сабыржан Тажмаханның саладағы тәжірибесі тұздық болары анық. Мәселен, бүгінгі сайыстың өзінде Сабыржанның бір емес, 4 оқушысы жүлделі орыннан көрініп отыр. 2010 жылы дүниеге келген оқушылар арасындағы жүзу жарысында 3 орынға да Сәкеңнің шәкірттері жайғасты.

Бүгінгі доданы ұйымдастырған жабық бассейн директорының бірінші орынбасары Берікқазы Әуесбаев жарыста жеңіс тұғырынан көрінген оқушылардың барлығы осы нысанды бұған дейін төңіректеп жүргенін жасырмайды. Сондай-ақ ол оқушылардың жеңісі мен жалпы балалардың бойындағы су спортына деген қызығушылықтың артуын да жабық бассейн жұмысымен байланыстырады.

– Бүгінгі біріншілік өздеріңіз көргендей тартысты өтті. Жаңа жеңіс тұғырынан көрінген балалардың барлығын танып отырмын. Олар осыған дейін осы нысанға жиі келетін. Бастапқыда сылбыр қимылмен суда жүретін олардың қазіргідей жағдайға жеткеніне қуанып отырмын. Демек, бұл жабық бассейн жұмысының және балалар еңбегінің нәтижесі екені сөзсіз. Мұндай игі шаралар толастамауы тиіс. Керісінше біз олардың ауқымын кеңейтуге жұмыс жасауымыз керек. «Тұрған су сасиды» дейді қазекең. Біз жаттанды шараларды ұйымдастыра берсек, біріншіден қатысушылар бойындағы қызығушылық төмендейді. Екіншіден бір сүрлеуге бейімделіп кетеміз. Мәселен, еркін жүзуден біз осы жолы тек 25 метр қашықты бағындырсақ, алдағы додаларда балалар 50 метрді бағындыруға күш салуы керек. Міне, осылайша олардың бойындағы қабілетті шыңдап, үлкен додаларға қатысатындай жағдайға жеткіземіз. Бүгінгі біріншіліктің де өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, дәл осы додадан орын алған оқушылар облыстық біріншілікке жолдама алады, – дейді Берікқазы Әуесбаев.

Спорт саласында бірнеше жылдық тәжірибесі бар білікті маманның бұл сөзіне біздің де алып-қосарымыз жоқ. Бастысы жабық бассейн жұмысының жемісін халық көріп жатыр. Бүгінгі додада басқа да оқушылар жүлделі орындардан көрініп, бағалы сыйлықтарға, арнайы дипломдарға ие болды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Қазақы қалжыңда тәлім бар еді...

Ауылда туып-өскен соң бала күніміздің ауылдастардың арасындағы өзара жарасымды әзіл-қалжыңына қанықпыз. Әсіресе ауылдастарымның бір-бірімен нағашылы-жиенді, жезделі-балдызды, жеңгелі-қайнылы болып әзілдесетіндері ұнайтын және оған ешкім ренжімейтін-ді. Керісінше көңілдері ақеден ауылдастар арамыздағы туыстық байланысты нығайтады деп түсінетін. Одан бөлек рулас, аталас ағалардың інілерін көргенде, нағашысы жақын жиенін кездестіріп қалғанда құқығын пайдаланып «сықпыртып» жіберетіндері тағы бар. Ол үшін де ер-тоқымын бауырына алып тулап жатқан ешкімді көрмейсің. Зілсіз боқтыққа лайықты әзілмен жауап қайтарып, ұпай теңестіріп отыра береді. Қайсыбір жылдары елге қызмет бабымен келген жас жігіттің ауылдағы ағаларына: «Мені сырттан келген кірме деп менсібей жүрсіздер ме? Түп атамыз бір туыс емеспіз бе?! Жиі болмаса да ара-тұра «шешемді есіме түсіріп» тұрсаңыздаршы, сіздерге туысқан екенімді сезініп жүрейін» дегенін естігенде күлмек былай тұрсын, жүрегім елжіреген.

Бүгінгілердің көбі қалжыңдаса да бермейді. Дұрысы қалжыңдаса білмейді. Баяғы қазақы қалжың келмеске кетті. Қазіргі жастардың әзілі өте тұрпайы. Жөн-жосыққа қарамайды, ойына келгенді аузынан ақтара салады. Осыдан бірер жыл бұрын кішігірім ат-атағы бар бір әтіберлі әріптес ініміз жанында тұрған өзінен әлденеше жас үлкен туысқан ағасына қарата «жаманның сандырағы келеді деген рас екен-ау, бағана жаңбыр жауады деп едіңіз...» деп қойып қалды. Өзінше ағасымен әзілдескен түрі. Сол арада әлгі оспадар сөзді мен айтқандай қысылып қалдым. Ағамыз інісіне көзін алартып бір қараумен шектелді. Әзіл-қалжыңның өз категориялары болатынын білмейтін, астарына үңілмейтін бозөкпеге қайран сөзін қор қылғысы келмеді, шамасы. Бірақ есесіне мен шыдап тұра алмай «есі кеткен бала шешесінің етегін көтеріп ойнайды» дегенді қазақ дұрыс айтқан ғой» деп қалдым. Әріптесім бұл сөзіме де мән бермеді...

«Аузында әзілі жоқтың қолында шоқпары болады» деуші еді бұрынғылар. Сол рас сөз. Осы күнгі кейбір жастар басы қосылған ортада бір-бірінің әзілін көтере алмай жұдырық ала жүгіреді. Әзілдесе, қалжыңдаса білудің өзі адамның мәдени өресін айшықтап, таным деңгейін көрсетіп тұрады ғой. Әрине әр әзіл өзінің жолымен, жөнімен болса. Бізден бірнеше жас үлкен бұрынғы буын құрдастардың, замандастардың өзара бір-бірін қағытып қалжыңдасқандарының өзінен көп өнеге алуға болады. Мәселен, осы ауданда қызмет жасаған бір ағамыз қайсыбір жылдары кездейсоқ шырғалаңға ілініп істі болып, мерзімді жазасын өтеп келіп жатқан нағашысының отбасына соғады. Үйде бұдан бұрын барған біршама кісі жиналып отырады және олардың көбі ауылдан келген үй иесінің туған-туыстары екен. Жиендерін көрген бойда әзіл-шыны аралас «Әй, сен неғып кешігіп жүрсің? Осы табанда тұрасың, нағашыңа сәлем беріп, жағдайын білуге бізден бұрын келіп отыратын ретің ғой» деп жан-жақтан тиісіп, әкесінен сыбай жөнеледі. Сонда әлгі қызмет барысымен кешігіп келген жиендері: «Ат жақсысы – кермеде, жігіт жақсысы – түрмеде» деген, бұл жақта да қаншама жала жабылғанда қасқайып қарсы тұрған емендей қатты нағашымның бірер жылда «ол жақтан» да сынбай келгеніне сенемін ғой» деп қалжыңға қалжыңмен жауап қайырыпты. Қандай әдемі ұтқыр жауап!

Бүгінде сөз өнері туралы айтыла қалса, бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген би-шешендердің әңгімелері еске түседі. Соның барлығы бүгінге ауыздан-ауызға тарап жетті ғой. Ендігі біздің сақтап қалуға тиіс ең маңызды мұрамыз, рухани байлығымыз осы қазақ ауыз әдебиеті болуы тиіс және оны толықтырып отыру да біздің міндетіміз. Бүгінгі тақырыпқа өткен ғасырдағы сөз өнерін қыстырып отырғанымыздың да өз себебі бар. Бүгінде сөзден кие қашты, қасиет жоғала бастады. Кеуде сандығына көне сөздерімізді салып, сақтап жүруге тиіс кейбір ақсақалдардың аузынан да дуа кетті. Оның дәлелі – жиын-тойларда бата бергелі қолын жайып тұрып, басаяғы белгісіз және жиылғандарға еш қатысы жоқ саяси әңгіменің ұйығына түсіп, шыға алмай қалатын қарияларға немесе аузын жыбырлатып бетін сипай салатын ел ағалары.

Бұрындары айтылған қазақы қалжыңдар ешкімнің жанын жаралап, көңіліне тимепті. Керісінше, әзілмен астарлап жеткізген қарсыласының сөзінен соң екінші адам өзінің бойындағы мінді түзепті. Оған мың мысал келтіруге болады. Солардың бірі – Бөлтірік шешеннің бір ауылға келгендегі бейтаныс қызбен қалжыңы. Сол кездейсоқ жолығып қалған қыз бен жігіттің арасындағы қысқа ғана диалогтан-ақ бұрынырақта сөздің қадірі, қасиеті, киесі болғанын және бұрынғы қазақтың болмысын біле беруге болады. Ал қазіргі заманның бір-біріне бейтаныс қыз бен жігіті кездесіп қалса, дәл солай қалжыңдаса алар ма еді?

Негізі қазақтың сөзін де, өзін де құртып бара жатқан сахнадағы дарынсыз, дарақы әзілкештер мен кейбір ақшаны ардан жоғары қоятын асабалар. Мұны мен негізсіз айтып отырғаным жоқ. Мәселен, бір жас жігіт той басқарып тұрып тұрпайы, тіпті анайы әзіл айтты және ол әзілін сексенге толып жатқан мерейтой иесіне қорытынды сөз берерге деп сары майдай сақтаған сияқты. Сондағы әзілінің сиқы мынау: «Әже, баяғыда бір кемпірден сізге шәй ішкен ұнай ма әлде махаббатпен айналысқан ұнай ма?» деп сұраса, әлгі кемпір «маған бәрібір, тек тер шықса болды» деп жауап беріпті. Әже, сізге қайсысы ұнайды?» – дейді әлгі көргенсіз өз анасынан да үлкен кісіге. Ол – ол ма, он баланы дүниеге әкеліп, ортаға ұлқыздарының сүйемелдеуімен қисаңдап әзер шыққан батыр анаға һәм асыл анаға ақша табу үшін ғана той қуып жүрген бір асабасымақ: «Әже, тірсегіңіз майысқанша неге бала туа бергенсіз?» дегенін де керең болғыр қос құлағымыз естіген. Сол сияқты бүгінгі жасты да, жасамысты да көрермен етіп алдарына жіпсіз байлап қойған әзілкештердің де әзілі оңып тұрған жоқ. Бірде «Жайдарман» ойынында өнер көрсеткен бір команданың Алматыдағы Жұмағали Сайын атындағы көшені – кітапханаға, сол көшенің бойындағы тәнін саудалаған қыздарды кітапқа теңегенін де көрдік. Сонда дейміз ғой, сахнада сол әзілді айтып тұрған өзге ұлттар емес, қазақтың жігіттері. Олар сол тұрғанда қазақтың аяулы ақыны Жұмағали Сайынның әруағын қорлап, біріне әпке, біріне қарындас болып келетін қазақтың қаракөз қыздарын жұрт алдында күлкі қылып, ол аз болса көзі ашық, көкірегі ояу оқырманның рухани ордасына айналған кітапханаларды жезөкшелер мекеніне теңеп, адамзатқа алғаш әріп танытқан кітаптың құнын төмендетіп, тұтас әдебиет әлеміне кір жағып тұрғандарын байқаған жоқ. Өз сөздеріне өздері күліп һәм көрерменді де бір сәт күлкіге қарық қылдық деп мәз. Сондай кезде ауылдағы ақ жарқын ағайынның арасында болып тұратын жарасымды әдемі әзіл-қалжыңдар есіңе түсіп, қазақтың сөзі арқылы болмысының да бұзылып бара жатқанын сезіп, бойыңды қорқыныш билейді.

Қуат АДИС

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1523

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Қуат АХЕТОВ